

«Олжабай батыр ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ  
(білім беру ұйымының атауы)

**Орта білім беру ұйымдарына арналған  
ғылыми-әдістемелік кеңес хаттамасы**

№ 6 20 23 жылғы "28" 03

Төрайым: Смаилова Саягуль Канатовна

Хатшы: Табиғатқызы Толқын

Қатысқандар: 33 (тізім қоса тігіледі)

Күн тәртібі

1. «Цифрлық білім беру ортасындағы заманауи оқыту құралдары»
2. 8 сынып оқушыларының білім сапасын бақылау қорытындысы
3. Жаһандық құзыреттілік курсының, үйірме жұмыстарының жүргізілу сапасының қорытындысы
4. Kundelik.kz журналын жүргізу бойынша тексеру қорытындысын талдау.
5. Мектептегі оқушылардың зерттеу жұмысының барысы
6. 1 сынып оқушыларының бейімделуін бақылау диагностикасының қорытындысы
7. 9,11 сыныптарда кәсіптік бағдар беру жұмысы

Отырыс барысы

**Тыңдалды:**

Ең алдымен мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Смаилова С.Қ. 2023 жылдың 27 қаңтарында өткен №5 ӘК қаулысының орындалуы туралы есепке тоқталды. №5 ӘК отырысының шешіміне сәйкес үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс, оқушылардың сауаттылығын арттыру, сабақты сапалы жүргізу, білім беру стандартының орындалуы қадағаланды.

№6 отырыстың бірінші сұрағы бойынша бастауыш сынып мұғалімі кункенова М.Н. «Цифрлық білім беру ортасындағы заманауи оқыту құралдары» тақырыбында баяндама оқыды. Заманауи оқыту құралдары мұғалімдерге онлайн білім беру материалдарын жасауға, оларды оқушылармен бөлісуге, тапсырмалардың орындалуын бақылауға және оқыту нәтижелерін талдауға мүмкіндік береді, бұл цифрлық оқу ортасының бөлігі болып табылады. Оқытудың заманауи құралдарын қолдану білім беру және пәндік-белсенділік ортасын құруға мүмкіндік береді:

- Барлық оқушылардың, оның ішінде мүмкіндігі шектеулі оқушылардың пәнді меңгеруінің жоспарланған нәтижелеріне қол жеткізу;

- оқушылардың жеке қабілеттерін анықтау және дамыту;
- дарынды және талантты балалармен жұмыс;
- білім беру үдерісінде қазіргі заманғы білім беру технологияларын қолдану;
- оқушылардың өзіндік тиімді жұмысы.

### **Сөз сөйлегендер:**

Аскар Е. – Дәл осы заманауи оқыту құралдары оқушылардың табысты дамуы үшін білім беру ортасына жағдай жасайды, оларды неғұрлым табысты пайдалану арқасында және ұтымды қысқартылған уақыт ішінде оқытудың қойылған мақсаттарына қол жеткізіледі.

### **Қаулы етеді:**

#### Аталған мәселе бойынша шешім

1. Сабақта заманауи оқу құралдарын кеңінен қолдану.

Екінші сұрақ бойынша Смаилова С.К. 8 сынып оқушыларының білім сапасын бақылау қорытындысы бойынша анықтама берді Сабаққа қатысу барысында сабақ жоспарлары №130 бұйрық негізінде құрылатыны анықталды. Сабақ мақсаттары оқу мақсаттары негізінде құрылатыны байқалды. Сабақ мақсатын және күтілетін нәтижені қоюға оқушылар үнемі тартыла бермейтіні де анықталды, кейбір сабақтарда сабақ мақсаты мүлдем қойылмайды. Сабақ барысында мұғалім тапсырмаларға нұсқаулықты нақты береді, ашық, жабық сұрақтар қояды, ұсынылған ақпарат нәтижеге жетуге бағытталған. Қалыптастырушы бағалау жүргізу үшін арнайы тапсырмалар үнемі берілмейді. ҚБ сабаққа қатысу бойынша ғана қойылады. Пәндік сауаттылықты дамыту үшін түрлі тапсырмалар жүргізіледі. Сабақтарда оқушылармен кері байланыс жүргізіліп отырады. Көптеген сабақтарда белсенді әдіс – тәсілдер қолданылмайды, сабақ бірсарынды өтеді.

Үлгерімі төмен оқитын оқушылармен қосымша жұмыстар жүргізілмейді. Сабақ барысында тапсырмалар жекеленбейтіні анықталды.

### **Сөз сөйлегендер:**

Назарбекова С.А. – білім сапасын арттыру үшін әр оқушыға сабақта жеке қолдау көрсету керек. Әсіресе үлгерімі төмен оқушылардың білім сапасын көтеру жұмыстарын жүргізу керек.

### **Қаулы етеді:**

#### Аталған мәселе бойынша шешім

1. Үлгерімі төмен және дарынды оқушылармен жұмысты сабақта жүргізу.

2. Сабақты жоспарлау және жүргізуге назар аудару;

3. Сабақтағы күтілетін нәтижені белгілеу басты міндет болу керек.

№3 сұрақ бойынша Жагипарова С.Т. Жаһандық құзыреттілік курсының, үйірме жұмыстарының жүргізілу сапасының қорытындысының анықтамасымен таныстырды. Мектепшілік бақылау жоспарын жүзеге асыру аясында 5-9 сынып оқушыларының жаһандық құзыреттілік курсының жүргізілу барысы бақыланды. Курс 0,5 сағат жүктемесімен 2 аптада бір рет жүргізіледі.

Сабақ барысында мұғалім оқушылармен дәстүрлі емес әдіс – тәсілдерді қолдану арқылы оқушылардың танымдық және шығармашылық қабілеттерін арттыруға тырысады. Сабақта отбасы, қоршаған орта, Отан, адамгершілік, достық және т.б тақырыптар қозғалады. Сабақ барысында оқушыларға түрлі жағдаяттар беріліп олардың шешімін табуға мүмкіндік беріледі. Сабақта

шығармашылық жұмыспен айналысу арқылы оқушыларды әсемдікке, шыдамдылыққа баулиды. Әр баланың ішкі жандүниесін байытуға арналған мақал – мателдер, ақын – жазушылардың өлеңдері қолданылады.

**Сөз сөйлегендер:**

Серғазы Ж. – оқушылардың рухани әлемін дамыту, адамгершілік, әсемдікке баулу үшін сабақта дәстүрлі емес тәсілдерді кеңінен қолдану керек.

**Қаулы етеді:**

Аталған мәселе бойынша шешім

1. Сабақта АКТ көп қолдану;
2. Сын тұрғысынан ойлау технологиясын қолану оқушылардың сыни ойлауын дамытады.

№4 сұрақ бойынша Смаилова С.К. Kundelik.kz журналын жүргізу бойынша қаңтар және ақпан айларының тексеру қорытындысымен таныстырды. Қаңтар айында журналды толтыру 99%, ақпан айында да 99% көрсетті. Қаңтар айында мерзімінен кеш Кабдышева А.К., ақпан айында Кабдышева А.К. және Шамшитова Ш.А. толтырған. Аталған мұғалімдерге ескерту жасалды.

**Сөз сөйлегендер:**

Назарбекова С.А. – Kundelik.kz журналы мектептің қатаң жүргізілетін құжаты. Құжатты уақытылы толтыру қажет.

**Қаулы етеді:**

Аталған мәселе бойынша шешім

1. мұғалімдердің журналды жүргізуін күнделікті бақылау.
2. Электронды журналға БЖБ, ФБ уақытылы қоюды бақылау.

№5 сұрақ бойынша Смаилова С.К. Мектептегі оқушылардың зерттеу жұмысының барысымен таныстырды. Мектепте «Ізденіс» ғылыми қоғамы жұмыс істейді. Мектептің 2-7 сынып оқушылары «Зерде» жұмыстарымен айналысса, 8-11 сынып оқушылары шағын ғылыми жобалармен жұмыс жасауда. Биылғы оқу жылында «Зерде» жұмысымен - 4 оқушы, ғылыми жұмыспен - 2 оқушы айналысуда. Сәуір айында айында мектепшілік «Зерде» байқауы өтеді.

**Сөз сөйлегендер:**

Канафина Г.Ж. – оқушыларды зерттеу жұмыстарына қызықтыру жұмыстарын бастауыш сыныптан бастау керек. Тақырыпты таңдауда өте мұқият болу керек.

**Қаулы етеді:**

Аталған мәселе бойынша шешім

1. Барлық жұмыстарды 2023 жылғы жаңа ережелер бойнша рәсімдеу;
2. Аудандық байқауға үздік жұмыстарды жіберу;

№6 сұрақ бойынша мектеп психологі 1 сынып оқушыларының бейімделуін бақылау диагностикасының қорытындысы:

**Мақсаты:** Баланың ақыл-ойының даму деңгейін, оқуға дайындығын анықтау  
8-7 балл- жоғары деңгей - 17

6-5 балл- орташа деңгей – 5

4-3 балл – төмен деңгей – 4

**Сөз сөйлегендер:**

Кункенова М.Н. – оқушылардың ақыл – ойының дамуына ықпал ететін тапсырмалар ұйымдастыру керек деп ойлаймын.

**Қаулы етеді:**

Аталған мәселе бойынша шешім

1. Әр оқушының мектепке және мұғалімдерге, ортаға бейімделуіне жағдай жасау керек;

№7 сұрақ бойынша 9 сынып жетекшісі Дуйсенбаева Л. және 11 сынып жетекшісі Табиғатқызы Т. кәсіптік бағдар беру бойынша атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды. 9,11 сыныптарда мамандық таңдау бойынша мектеп психологі тренинг өткізген. Және сынып жетекшілер сынып сағаттарын өткізген.

**Сөз сөйлегендер:**

Серғазы Ж. – сәуір айында «Әсем-ай» балабақшасы, ауылдық аурухана және ауылдық әкімшілік қызметкерлерімен кездесу жоспарланған.

**Қаулы етеді:**

Аталған мәселе бойынша шешім

1. Сабақта АКТ көп қолдану;

ӘК төрайымы:

Хатшы:



Смаилова С.К.

Табиғатқызы Т.

**«Олжабай батыр ауылының жалпы орта  
білім беретін мектебі» КММ-педагогикалық қызметкерлер тізімі**

№	Аты – жөні	Қызметі
1	Назарбекова Сауле Ануарбековна	Мектеп директоры
2	Смаилова Саягуль Канатовна	Оқу ісі жөн. орынбасар
3	Сергазы Жадыра	Тәрбие ісі жөн.орынбасар
4	Шайкенова Н.Р	Мұғалім
5	Дүйсенбаева Лира	Мұғалім
6	Альмаганбетова Сания Жолдангаровна	Мұғалім
7	Акишев Куат Калдыбаевич	Мұғалім
8	Дукенбаева Нуржамал Ергалиевна	Мұғалім
9	Канафина Гульнур Жолдыбековна	Мұғалім
10	Асқар Ерғали	Мұғалім
11	Ажыхан Есенжан	Мұғалім
12	Кокумбаев Канат Елюкенович	Мұғалім
13	Хужин Азамат Наилович	Мұғалім
14	Сайлаухан Батыржан	Мұғалім
15	Кункенов Сунқарбек Сламбекович	Мұғалім
16	Хауай Рысгуль	Мұғалім
17	Кункенова Майкен Назымбековна	Мұғалім
18	Хожабай Балжан	Мұғалім
19	Дүйсенбаев Мухаметгали Темирбаевич	Мұғалім
20	Кункенова Гульмира Абайевна	Мұғалім
21	Байғабыл Тилеубек	Мұғалім
22	Кабдышева Айнұр Канатовна	Мұғалім
23	Умурзакова Гульдана Қайратовна	Мұғалім
24	Табиғатқызы Толқын	Мұғалім
25	Естай Айкумис	Мұғалім
26	Алеш Айгуль	Мұғалім
27	Жагипарова С.Т.	Мұғалім
28	Асылбек А.	Мұғалім
29	Мухитова Н.Б.	Мұғалім
30	Хуат А.	Мұғалім
31	Рақыш Б.	Мұғалім
32	Шамшитова Шамшия Асылхановна	Тәлімгер
33	Рақыш Қ.Н.	Педагог - психолог